Сарыағаш ауданы
№17 Ы.Алтынсарин атындағы
жалпы орта мектебі химия
пәнінің мұғалімі Кабулова
Катира Дабыловна жайлы

**Пікір**

Кабулова Катира Дабыловна мектебіміздегі үнемі ізденіс үстінде жүретін жаңашыл, аса білімді, шығармашыл ұстаздардың бірі және бірегейі.

Ауданда өтетін түрлі іс-шараларға белсене қатысып, көптеген мектеп ұстаздарына өзінің әдістемелік көмегін көрсетіп келеді.

Оқушыларды ҰБТ-ға дайындауда ерекше әдіс-тәсілдерді ұсынып, мектебіміздің рейтингін көтеруде қосқан үлесі мол.

К.Кабулова өз пәні бойынша облыстық мұғалімдер олимпиадасына және облыстық педоқуларға қатысып жүлделі орындарды иемденіп жүр.

Химия пәні бойынша облыстық олимпиадаға және ғылыми жоба сайысына дайындаған оқушылары жүлделі орындарды жеңіп алды. Атап айтсақ, Усманов Бегмат – 2008 жылы облыстық пән олимпиадасында «Алғыс хат» иегері атанса, Қыстаубаева Гүлзира – 2009 жылы облыстық пән олимпиадасында «Алғыс хат» иегері атанды. 2012 жылы Таласбай Мөлдір облыстық пән олимпиадасында II орын иегері, Ибадулла Жадыра 2013 жылы облыстық олимпиадада III орын иегері ал Өмірсерік Ерлан 2013 жылғы ғылыми жоба байқауының жүлдегері атанды.

Еңбекшіл, шығармашыл ұстазымыздың жетістіктері мен алар асулары көп екеніне сенімдімін.

Мектеп директорының оқу-тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары: А.Сеитжапбаров

Мектеп директоры: Келісем (Х.Кабулова)